



МІТ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - ТУҒЫРЫҢ

Темірғали НҰРТАЗИН

СӨЗ  
ҚҰДІРЕТІ





---

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - ТҰҒЫРЫҢ

Темірғали НҰРТАЗИН

**СӨЗ  
ҚҰДІРЕТІ**



“Ер-Дәулет”

Астана

2007

ББК 83.3

Н 86

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ**

**АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНІҢ  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ**

**Нұртазин Т.**

Н 86 **Сөз құдіреті** – Астана: Ер-Дәулет, 2007. - 128 бет

ISBN 9965-436-49-5

Белгілі қаламгер, белді сыншы Т. Нұртазин көлемді де зерделі, зерттеу еңбектерін жазумен бірге сын саласында да жемісті еңбек еткен ғалым. Бұл жинаққа қаламгердің әдеби сын мақалалары топтастырылған. Еңбек Кеңес одағы дәуірлеп тұрған кезеңде жазылғандықтан, кітаптың өн бойында сол заманның лебі, кеңестік идеологияның салқыны анық сезіледі. Халқымыздың басынан өткен кеңестік дәуірді тарихтан сызып тастауға болмайды. Сондықтан автордың сол кезеңге сай көзқарасына, позициясына түсіністікпен қараған жөн.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

4603020000

Н----- хабарландырылған – 2007

ББК 83.3

00 (05) -07

ISBN 9965-436-49-5

© Нұртазин Т. 2007  
© “Ер-Дәулет”, 2007



## ПРОЗАНЫҢ КӨРНЕКТІ ТҰЛҒАЛАРЫ

Мұхтар Әуезов – қазақ совет әдебиетінің талантты қайраткері. Совет тұсында туып қалыптасып, көп жанрлы болып көркейе дамыған қазақ совет әдебиетінің саласаласына М.Әуезовтың енгізген татымды үлгілері мол. С. Мұқанов М.Әуезовтың «Қорғансыздың күні» әңгімесіне жоғары баға бере келіп, төмендегідей пікір түйеді: «Осыдан бастап өрбіген қазақтың көркем прозасы отыз бес жылдық тарихында уақ жанрда да, повесть, роман сияқты көлемді жанрда да көптеген шығармалар туғызып, көп тілді совет прозасының алдыңғы қатарынан орын алды» (М. Әуезовтың алпыс жылдығына жасаған баяндамадан, «М. Әуезов» атты жинақ, 1959, 13 бет).

Сонымен қазақ совет әдебиетінің негізін салушылардың бірі С.Мұқанов М. Әуезовтың қазақ прозасын дамытуда аса зор еңбек істегенін баса айтады.

М. Әуезов алғашында әңгіме жазудан бастаған болатын. Оның жиырмасыншы жылдардағы әңгімелері – прозамызда реалистік әдісті бастаған, кең арна тартып, дамытқан тұлға танырлық туындылар. Ол әңгімелердің басы 1960 жылы шыққан «Қараш-Қараш жинағында құралған. Жинаққа «Қараш-Қараш» повесі, 20-шы жылдарда жазылып жарияланған әңгімелер, пьесалар, 1941 жылы Л. Соболевпен қосылып жазған «Абай» пьесасы енген. Жинақтың маңызын шамалау үшін С. Мұқановтың пікірін келтіре кету орынды. «1921 жылы жазылған «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесімен Мұхтар шын мағынасындағы Еуропалық прозаның дәрежесіне көтерілді» (жоғарыда көтерілген кітап, 13 бет).

М.Әуезовтың 20-шы жылдарда идеологиялық концепциясында, көзқарасында қателік болғаны белгілі.

Ол жөнінде көптеген кітаптар, солардың қатарында «Қазақ ССР тарихының» екінші томында (340-341-беттер), «Қазақ совет әдебиеті очеркінің» орысша, қазақша басылғандарында жеткілікті айтылған. Сондықтан біз қайталауды қажетсіз деп білеміз. Аталған кітаптарда М. Әуезовтың жиырмасыншы жылдардағы еңбектерінде сол

шақтың өмір шындығы бірсыпыра кең, терең ашылатыны да айтылады.

Жинақтағы әңгімелер жиырмасыншы жылдары жазылып, бірсыпырасы Ташкентте шыққан «Шолпан» журналында жарияланған. 1921 жылы жазылған «Қорғансыздың күні» «Қызыл Қазақстан» журналында автордың «Арғын» деген бүркеніш атымен басылған (1922 ж., №5). «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі 1927 жылы жазылып, «Жаңа мектеп» журналында жарияланады. 1935 жылы Н. Ановтың аударуында «Расплата» деген атпен повестің бірсыпыра тараулары орыс тілінде шығады. 1936 жылы «Қараш-Қараш оқиғасы» деген жинаққа бес әңгімесімен қатар повесть те енеді. Кейін автор повесті жаңадан редакциялап, 1959 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің август, сентябрь айларындағы біраз нөмірлерінде түгелдей жариялады. Ақыры повесть біз сөз еткелі отырған жинаққа енді. Бұл кітаптағы әңгімелер 1936 жылы шыққан «Ескілік көлеңкесінде» және «Қараш-Қараш» деген екі жинақта түгелдей жарияланған.

«Қараш-Қараш» жинағында үш пьесаның «Бәйбіше – токалы» «1918 жылы жазылған» деген түсіндірмемен 1923 жылы Ташкентте жарияланған. Бұл жинаққа пьеса жаңадан редакцияланып, бірсыпыра қысқартылып, жөнделіп басылған. «Қаракөз» пьесасы 1926 жылы алғашқы жариялануында «үш перделі, 6 суретті драма» деген анықтамамен берілген. Бұл жинақта автор пьесаны өзгертіп, «Төрт актылы, 7 суретті трагедия» деп анықтама берген. «Абай» пьесасы айта қаларлық өзгеріссіз, алғашқы нұсқасы бойынша жарияланып отыр.

Әңгімелер жайында. Кітапқа енген он жеті әңгімені шартты түрде төмендегідей жүйелерге бөлуге болады. Қорғансыздардың, дәрменсіздердің күйі, ауылда әлеуметтік қалып, қорғансыздардың төзбестік ауыр халі. Екінші жүйе әңгімелер: «Ескілік көлеңкесінде», «Қысты күнгі дала», «Кім кінәлі», «Қаралы сұлу» – әйел мәселесін қозғайды. «Сыбанның моласында», «Текшенің бауырында», «Кешкі дөн басында», «Қысқы түн», «Барымта» секілді әңгімелерде автор ескі ауылдың тіршілігін, әлеуметтік сипатын бейнелейді. «Оқығаназамат», «Кінәшіл бойжеткен», «Сөніп-жану» әңгімелерінде қоғамдық жаңа салт қалыптастыруға

тиісті оқыған азаматтардың әрекеті мінезделеді. «Бәйбіше – тоқал» мен «Қаракөз» пьесалары аталған әңгімелермен тақырыптас. «Қараш-Қараш оқиғасы» қазақ қоғамындағы үстемдік пен бағыныштылық жайдың төзбестік асқынған қайшылықтарын суреттеп, әңгімелер мен пьесаларда көтерілген проблемаларды шегіне жеткізе бейнелейді.

Жоғарыда біз әңгімелерді тақырыптық жіктеу шартты екенін айттық. Ол түсінікті: көркем шығарма реалды өмірді бейнелейді. Өмір қат-қабат, сала-сала болып сапырылысып жатады. Әйел теңдігі мәселесі қоғам өмірінің басқа мәселелерінен окшау, дара емес, сабақтасқан түрде кездеседі. Сондай-ақ қоғамдық мәселелермен астаса келіп отырады. Мысалы, «Қорғансыздың күнінде» автор Ақан болыстың озбырлығын ауылдың үстем, катал жауының қорғансыздарға жасаған айуандығы түрінде сипаттайды. Бірақ бұл атты қорғансыздарға емес, он үш жасар Ғазизаға жасалған айуандық – әйел теңдігі мәселесімен астасып жатыр.

Осындай көптеген мәселелердің айқыш-ұйқыш келе беретіні сөзсіз. Сондықтан шығармаларды топтай жүйелеуіміз шартты екенін ескертеміз.

Жинақтағы шығармаларда М. Әуезов алдымен Абай дәстүрінде өткен қаламгер болып көрінеді. Байшыл ақындардың ойынша ол кезде қазақтың өткен дәуірі – «ертегідей таң-тамаша дәуір». Ал Әуезовтың жинаққа енген шығармаларында қазақ қоғамы қым-қуыт тартыста, жуан күштілері дәрменсіз пақырларын талап жеуде, әйелдердің және еңбегімен күнелткен кедейлердің тұрмысы төзбестік ауырлықта екені ашылады. Рас «Қаракөздің» прологы мен эпилогында ескілікті әсірелеу, дәріптеу сарыны күшті болатын. Пьесаның идеялық ұстамсыздығы да, олқылығы да (бұрынғы вариантында) солармен байланысты да.

Жазушы – реалист; онда сыншылдық мотив басым. Ол қоғамның тіршілік жайы – рахат әлемі емес, арпалысқан алыстағы әлем, шиеленіс түйінделіп әбден асқынған, шешім таппаса, бүліну бола береді дегендей қорытындыға тірейді. Ұсынар шешімі дайын емес, бірақ толғақты мәселелер шешімсіз тынбайтыны оқушыға айқын байқалады.

Мұндай жағдайды біз Абай шығармаларын оқығанда да ұшырататынбыз.

Екінші, жинақтағы шығармалардан М. Әуезов ол кезде орыс классиктерінің, атап айтқанда Гогольдің әсерінде болғанын көреміз: кей шығармаларында Достоевскийдің әсері де бар. Сонда алдымен Әуезовтың «кішкене адамдарға» ерекше назар аударатыны байқалады. Гогольдің «Шинеліндегі» Акакий Акакиевичіне ұқсас кейіпкер «Қараш-Қараш» жинағында жиі ұшырайды. Кейде Достоевскийдің «Кедейлеріндегі» кейіпкерлерді де еске түсірер образдарды кездестіреміз.

Жиырмамыншы жылдарда қазақ қоғамы әлі таптарға жіктелген жүйе-жүйе еді. 1928 жылға дейін қазақтың ірі феодалдары, байлары мындаған малды иемденіп, кедей, батырақтарды шексіз қанап, қорлықта ұстады. Езілген бұқараны саналандырып, тұрмысқа тұтқа ету бағытында Ленин партиясы мен Совет үкіметі шаралар жүргізіп жатты. Бірақ ол мақсат жүзеге біртіндеп асты. Сондықтан жиырмамыншы жылдардағы қазақ ауылының тіршілігінде қайшылықтар көп болатын. Бірақ соның бәрі өткінші, уақытша, күні санаулы жағдайлар екені совет идеясымен қаруланған адамдарға аян еді.

Өмір сай-сала. Бірсыпыра жазушылар сол өмірдің советтеніп жатқан жаңа беткейлерін баса жыр етті (С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Б. Майлин, І. Жансүгіров т.б.); біраз шығармаларда жаңа мен ескінің шиеленіскен күрестері суреттелді, ескі кен көрініп, сыншылдық мотивтер едәуір өріс алып отырды (Б. Майлиннің, С. Шәріповтың, т.б. шығармаларында). Тағы бір жүйе жазушылар (соның қатарында М. Әуезов) ауылдың табиғи қалып, ескілік басып жатқан жақтарын қазбалай сипаттады.

Сонымен қатар қазақ қоғамының реалды жайын, қалпын тереңдей, жан-жақты білу де өте қажет еді. Ол сияқты тереңдеп білуге тарихшылардың, экономистердің, этнографтардың, философтардың материалдары жеткіліксіз болады. Халықтың психологиялық жайын, арман-талабын, жансүйерін, рухани ұмтылысын қат-қабат күйінде тереңдей танып білу, бейнелеу керек-ті. Мұндай қатпар-қатпар қалың материалды жанды күйінде табиғи тынысымен, түгел тұлғасымен тек көркем әдебиет қана бере алады. Сондықтан қазақ қоғамын шынайы танып, кітаптан алған дайын формулаға сүйенбей, қоғамдағы реалды күшке

сүйеніп, сол күшті мүмкіндігіне қарай орынды пайдалану үшін қоғамды түгел танудың маңызы ерекше болды.

М. Әуезовтың әңгімелерінде революциялық жаңа өмірді сезініп, озбыр, сорақы ескіліктен құтылатын кезең жеткенін парықтау бары байқалып отырады. «Қорғансыздың күні», «Жетім», «Жуандық», «Қараш-Қараш оқиғасы» секілді шығармалардағы конфликтілер, төзбестік озбырлықтар қазақ қоғамында ғасырлар бойы болып келгені күмәнсіз. Бірақ олар бұрын жан түршігерліктей шектен асыра суреттелмейтін. Абайдың жапа шеккендердің өмір шындығын ашып, көңілі пақырларға бұратынын танытарлық шығармаларын білеміз. Қараша мен желтоқсандағы малшылардың тұрмысы ауырақ. Бірақ асқынып төзбестей деңгейге жетіп тұрған жоқ. Торайғыров алтын кесенің ішінде нахак көзден жас барын сезе тұра, үй кожасы ұрсып тастай ма деп жасқана қарайды. Оның кедейі ашынып, елден кетерлік, жерден кетерлік қайратқа тек революциядан кейін ғана мінді.

А. Островскийдің «Найзағайындағы» Катеринаның күнәнің жазасынан қорқып суға кету секілді әрекетін Н. Добролюбов: «Қараңғылық қауымдағы жарық сәуле» деп атаған. Осы жағдайды ескерсек, Ғазиза мен Қасымның әрекетінде төзбеушілік, қорлыққа көніп отырғаннан да, өліп тынуға дайын белсенушілік, өжеттілік барын тану оңай. Мұны жазушы қоғам өміріне түбірлі өзгеріс ене бастаған совет дәуірінде көріп отыр. Бұрынғы жазушылардың шығармаларында ондай сахна кездеспейді.

Ғазиза мен Қасым әлі күрескер емес, оқыс әрекеттерімен қоғам ортасында өрт тұтантар от тастаушылар. Олардың өлімі, өлімге жеткізген себепті көріп жұртшылық төзбестік тұжырымға келуі лайық. Бірақ Ғазиза мен Қасымның басындағы оқиғалар, апаттар өмірде сирек ұшырайтын. сондықтан романтикалық бояуы бар нәрсе. Өмірде не болмайды: ондай оқиғалар болуы ықтимал. Бірақ қонып. дәмін тата отырып, қанша айуан болса да болыс басымен Ақанның он үш жасар Ғазизаны зорлай қоюы қанша сыйымды?! Қанша зәбір шексе де Ғазиза тәңірге жазып жылап-жылап тынышталмады ма екен? Қасым секілді талай жетім сан рет көзге түрткі бола жүріп, қалтақтап өмір кешпейтін бе еді? – деген сұраулар болуы ықтимал. Ондай сұрақтар сыйымды. Бірақ автор соның бәріне басқаша

творчестволық шешім береді, қорғансыздарды батыл қадам жасау үстінде көрсетті. Қасым жай ғана қашпайды, ағайыны Исаның тізесіне тас жіберіп қашады. Бұл көріне қарсылық.

Көркем әдебиет өмірге дайын ереже ұсынбайды, оның міндеті оқушыға ой салу, жан әлеміне толғаныс енгізу, ал шешімін, өмірдің ыңғайына қарай әркім өзі табуға тиіс. Бір кезде Ғазиза мен Қасымның әрекетінде пессимизм бар деушілер болған. Біздіңше, ол кейіпкердің әрекетін ереже деп ұғынудың салдары. Іс жүзінде ол кейіпкердің қылығы жұртқа үлгі емес, жұрттың ақыл-санасына, сезіміне салмақ салып, өмірдің толғақты мәселелерін шешуге талаптандырар түрткі, себепкер.

Жеке шығарма мүше-мүшесіне қанша түгелденіп келгенімен жазушының әлеуметтік, эстетикалық көзқарасы туралы толық дерек бере қоймайды. М. Әуезов жиырмамыншы жылдардағы әлеуметтік концепциясын, оның творчество жүзінде бейне табуын толық түсіну үшін жазушының сол кездегі шығармаларын түгел қамти талдау керек.

Қоғамда қытықты проблеманың бірі – әйел мәселесі. М. Әуезов осы тақырыпты революция алдындағы жазушылардай бірыңғай қарамай, қат-қабат қайшылықта алады. С. Торайғыровта, С. Көбеевте, С. Дөнентаевта әйел мәселесі сара-сара арнада сипатталады. Қыз айттырған жеріне барғысы келмейді, көңілі сүйгенге қосылмай, оған қарсы адамдар (айттырған күйеу және оны қолдаушылар) шығады. Күрес қызады.

Ал реалист М. Әуезов әйел мәселесін қайшылық қалыпта бейнелейді. «Ескілік көлеңкесінде» Жақып қажының қызы Жәмеш былтыр оқуға жүргелі жатып сөз айтқан Қабышқа жылы жауап бермегенімен, «көрерміз» деп емексітеді. Кейін апасы өлгелі жатып, жан тапсырарда: «төсегіме Жәмеш жатсын», деп кетеді. Бұл қазақтың ескі салтында бойды босатарлық сөз. Күйеуі, дүниесі жаудырап қалып бара жатқанда әйелдің бәрін сіңлісіне мұра етіп қалдыруы – жүйені босатарлық мінез. Жәмеш көңілі босайды да, «көрерміз» деп Қабышқа айтқанын, шалға барушы болма, деген ағасы Хакімнің ақыл сөзін есінен шығарып, жездесі Кенжеханға тиюге ризалық береді. Бірақ күйеу боп келген

Кенжеханмен отауда бір түнегеннен кейін, Жәмештің көңілі бұзылады, жеңгесі Бибішке Қабышты шақыртады. Уәде бойынша ауыл сыртына келген Қабышқа жолығуға кетіп бара жатқан Жәмешті көреміз.

Автор Жәмештің ескілік салтта тәрбиеленгенін, шешесі оны ескілік киімді, ескі дәстүрді жақсы көретін етіп дағдыландырғанын суреттейді. Ескілікті кастерлеп үйренген Жәмештің апасының сөзіне егілуі – көңілге қонады-ақ. Реалист автор сол Жәмешті өмір сынынан өткізеді де, «мал көңілді жасартпас» деп Абай айтқандайын, жасамыс жездесінен көңілі қалып шыққанын көрсетеді. Жанды өмір өзінің тіршілік қамын өзі топшылап қамдайды. Салтка бой ұсынған Жәмешті тіршілік қамы сөйтіп азаттандырып алып шығады. Автор әйелдің еркіндікке ұмтылу мәселесін психологиялық толғаныс, эволюция арқылы шешкен.

«Қысты күнгі дала» деген шағын суреттемеде қысқы қатал табиғатқа кіріптар қазақ ауылының сүренсіз өмірі суреттеледі. Күйеуінен жесір қалған Рабиға алпыстағы Жақайға әмеңгерлік дәстүрімен еріксіз қосылады. Бірақ әйел мойындамай, ағасы Мұқашқа сәлем айтады. Ағасына жолықпақ болып түзге шыққан Рабиға суық өтіп өлер халге жеткенде, Мұқаш келіп аман алып кетеді.

«Кім кінәліде» Ысмайыл байдың қызы Ғазиза өзін айттырған Жақыпқа (қатыны өлген) бармай, қалада орта білім алып келген Есламға қосылмақ болады. Туыстары зорлап ұзатпақ болып, күйеуді шақырып той жасайды. Зорлықпен отауға қыз жанына жатпаған соң, Жақып оны ұрады. Есенгіреген қыз таңертең ауырып тұрады да, ақыры өледі. Надан ел Есламды дуашы, Ғазиза соның дуасынан өлді деп қаңқу шығарады.

«Қаралы сұлу» әңгімесінде күйеуі өлген Қаракөз алты жыл жесір отырады. Ақыры жас өмір, жас сезім женген келіншек қойшы Болатқа жем болады.

Сюжеттік оқиғалары қысқаша баяндалған, әңгімелерде әйел мәселесін М. Әуезовтың өзінше қойып, өзінше шешім ұсынатынын көреміз. Мұнда әйел кейіпкерлер еркіндікке ынтығып, жұлқынып жатқан батылдар емес, ескі салттың шырмауындағылар. Бірақ оларда адам атаулыға тән еркіндікке, жақсылыққа, өздеріне теңдестерге бой ұру бар. Сол бағытта әрқайсысы әр дәрежеде қайшылыққа.



конфликтіге ұшырайды. Бірақ әңгіме көлемінде автор қайшылықтың асқына дамыған сатысын сипаттамайды.

Бұл арада баса айтарымыз: ескі салттағы ауылда әйел мәселесіде қым-қиғаш қайшылықта, асқынған әділетсіздікте жүрген мәселелердің бірі болып көрінеді. Автор әр оқушыға: «бұған сен арыңмен, жаныңмен жауаптысың» дегендей сара жол жоқ, бәрі әлі өмір шырғалаңында, дегенмен сол өмірдің өзі күнделік процесте түрткілеп, күн тәртібіне толғақты мәселелерді қойып жатыр. Шешім керек! – автор осыған әкеп тірейді.

Жинақтағы шығармаларда ауыл өмірінің тіршілік жайы дербес қойылған. «Қыр суреттері» деген рубрикамен берілген шағын суреттемелерде елдің аңыз-әңгімелерінен құрылған оқиғалар сюжетке арқау етіледі. Автор оқиғаны қаз қалпында, өзі араласпай, битарап отырып суреттейтіндей. Бірақ өмір оқиғаларына оның көзқарасы айқын. Жауында молаға түнеп отырған батырдың от екі-үш рет жарқ етіп, жалаңаш адам: шешініп көрге кір, деп өмір еткенде, абыржымай, оны бауыздамақ болуы – айта каларлық ерлік кимыл. Әңгімеде денені тітірендірер ерлікпен қатар, Төбеттің тұтқынынан қашқан Алтаяқ батырдың сірінке тұтатып, Жортарды қорқытпақ болуы, ол алқымын сығымдағанда, сасып шынын айтуы – күлкілі көрініс.

Сонымен қатар әңгімеде ертедегі жаугершілік өмір, соның қиындықтары, көрде аруақ жүреді дейтін ескі ұғым жол-жөнекей ашылады; шақпақты пайдаланатын Жортардың сірінкені білмеуі секілді қосалқы біраз жайлар айқындалады.

Автор: батыры, жортуылы, қауіпті айқастары бар – осы өмір демек. Сонымен қатар сол өмірдің жайсыздығын, тиянақсыздығын да жасырмайды.

«Текшенің бауырында да» жаугершілік өмірдің шынайы сыры ашыла түседі. Жобалай, Сүлеймендер бастаған топ наймандық Мырзатай ауылының келіншегін жолда ұстап алып, масқаралап қоя береді. Олары еруліге қарулы: наймандықтар бұлардың жолаушыларын талап, күн көрсетпейді екен.

Жазғы кештегі ауылдың көрінісін келісімді бояумен суреттеген автор («Кешкі дөң басында»), сол ауылдың



адам шошырлық ауыр халін баттита бейнелейді. Күн суық, боран, жұт, шам жалаңбас. Пештің түбіне ұйлыққан кемпіршалдың халі адам аярлық. Өмір ауыртпалығына амал жасар дәрмені жоқ ескі ауылдың жалпы көрінісі – жаңағы кемпіршалдың күйі аянышты елестейді.

«Барымта» әңгімесін жазушы ауыл тіршілігі жайындағы суреттемелеріне тұжырым ретінде берген секілді. Кісі өлімі, сокқыға жығылып қан-қан болған топ-топ жан – барымтаның қорытындысы. Мемлекет арасында я үлкен аймақтардың арасында емес, іргелес отырған екі ауылдың арасындағы сойқанды бүлік!

Жазушы барымтадағы соғыстың барысын да, қанды қорытындысын да жан түршігерліктей етіп, сиықсыз сұрапыл қалпында береді. Сонымен ауыл өмірінің ойықырын түгел қамти суреттеген автор ондағы өмір қалпында ойсыраған олқылықтар барын ашады. Дала шексіз кең, оның көркі де келісімді. Бірақ ескі салт жайлаған далада тәртіп жоқ, жарасым жоқ; сондықтан қорғансыздарға, дәрменсіздерге, әйелдерге күн жоқ. Тіпті билеп-төстедім деген жуандардың өмірі де пәлендей байыпты, баянды емес. Күшті жеген көп қыркыс, өніп жатқан ештеме жоқ.

Жазушы «Оқыған азамат», «Кінәшіл бойжеткен», «Үйлену», «Сөніп-жану» әңгімелерінде оқығандардың образын береді. Олар да жетісіп тұрған жоқ. Байы өлген Хадишаға үйленген Жұмағұл сөлекет жаламырлықпен Хадишаның енесінің бар дүниесін сыпырып алады. Гимназияда оқып білімденген Ғайша «жүрімпаздық» өнеріне салынады.

Сайлаушы инструктор Оспан дәмдес болып жүріп, өзі сайлаған Қасым болыстың қалыңдығы Жәмиланы бір түнде алып қашып кетеді.

Міне, оқығандардың сиқы да осы секілді жарасымсыз. Оларда сананы өсірер арман-талап жоқ, өндіріп жатқан іс, қызмет жоқ, әншейін бос селең. Білімді алғанымен қайда жұмсауды білмеген жандар өнімсізге килігіп, көрінгенге арандап жатқанын көресің.

Жазушының бірқыдыру келісімді образда суреттеген кейіпкері – Сыздық («Сөніп-жану» әңгімесі). Ол білімді, бірсыпыра мәселелер туралы топшылағаны бар жігіт. Рас, оның толғанысының көбі үйленумен байланысты. Дегенмен

сол жөнінде оның өзінше тұжырым түйгені бар. «... Жаксы тәрбиелі қыз, жаксы мінезді қыз – адал момын кедей қыз» дейді ол.

Сыздықта жаксы мен жаманды парыктарлық зейін бар. Ол халықтың күйеуге істейтін ғұрпын бұрын ұнатып жүрсе, өзі соған душар болғанда бәрі «надандықтың, қараңғылықтың салдары» деп қорытады. Қазақ әйелінің сыпайылығы жайында да ол жаңа, сыншыл қорытындыға келеді.

Осындай үміттендірер жаксы нышандары болғанмен Сыздық әлі жүйелі көзқарас құрап қалыптаспаған жан. Оның сүйіспеншілігі де әзірше тұрлаусыз. Ол бірсыпыра пікір толғап ойланып барып алған Жәмилаға тез суынады. Қалаға барысымен Екатерина Павловна Лосовскаяға ғашық бола қалады. Сонда оның қызығатыны әйелдің “дөңгелек, толықшалау денесі”. Жесір жас келіншек Лосовскаямен жакындасуды Сыздық өзіне бакыт санайды. 1916 жылғы оқиғамен байланысты ел дүбіліп жатыр; Февраль революциясы болып, бүкіл Россия өзгеріске ұшырады. Бірақ Сыздық оның бәрінен сырт. Ол өмірдің бар мазмұнын әзірше үйленудің төңірегінде іздеп жүр.

Сонымен әңгімелерінде оқығандардың образын да әрқилы бейнелеген жазушы ол ортадан да көңіл толарлық тұлға таба қоймайды.

Жоғарыда аталған әңгімелердің көбінде – кейіпкерлер үстем таптың өкілдері. Автор байыпты реалистік стильмен жазады. Ол сатиралық гротескіге бармайды, үстемдердің өмірін дәстүрлі алкасында, табиғи қалпында бейнелейді. «Ананы әсем, мынаны бәсең» суреттедің деп мін таға алмайсың: бәрі өзінің орнында, табиғи күйінде, бұрмаланған ештеме жоқ. Соған орай сол өмір қалпының өзінен туар қорытынды да рақымсыз. Сан килы кейіпкерлерді көре, олардың жағдайларымен таныса келе: «Қаусаған, іріген-шіріген, болашағы мұнар жұрт!» деп қорытасың. Автордың оқушыны реалды өмірдің өзін таныта отырып, тірейтін шегі сол. Баскаша қорытындыға жол жоқ: өмірдің егжей-тегжейіне қанып отырсын: ондағы үстемдер жанағыдай тек бүлік еткеннен басқа бітірері жоқ.

Үстемдер жайлы солайша тұжырымға келген жазушы дағдарып, жол ортасында кідірмейді, тынымсыз іздейді, іздеу керек деп оқушы қауымға да ой салады.

Үстемдер қауымын көп көріп, көп үйренген оқушының

есінде келісімсіз суреттер. Кейіпкерлер де сан килы. Ақан мырза көп ойлайды. «Бірақ... Ақанның ойы қайда жүретіні белгілі Ол көбінесе осындай қадалып ойлағанда қиялында бір сұлу әйелдің суретін тауып алып, соған пәлендей деп, әзілдесем, сондай қылып құшақтасам, сүйсем деп, соны ермек қылушы еді» («Қараш-Қараш», 123-124 бет). Міне, болыс болып, бір тайпы елдің тағдырын шешуді міндетіне алған Ақанның сиқы осындай. Оның санасына салмақ салып, кейде қалың ойға қиналта шомдыратын бір ғана арман: кескінді әйелді құшақтау!.. Баласы өліп, жетімсіреп қалған кемпірдің келінін алып кеткенімен тұрмай, панасыз кемпірді шырқыратып бар малын сыпырып алған Жұмағұл да адам шошырлық сорақылардың бірі. Оған жолдасы Мейірхан төмендегідей мінездеме береді:

«Байдың баласысың, бай жесірдің байысың, бай қайынға күйеусің, оқығаның емес, тоқығаныңа бактың ба? Жыланға түк біткен сайын қалтырайды деп, байыған сайын араның ашылып, жұтпақсың ба зарлыны?! Қақаларсың әлі-ақ!»

Жазушы «жүрімпаздық» өнерге машық, бай қызы Ғайша туралы да адам түңілерлік сипаттама береді. Ғайша талаймен жолыққан, талайды қызықтаған қыз. Уәде байлаған жігіт мезгілінде келмегенде ол күйініп, өзінше тұжырым айтады, қазақтың бүкіл жігіт атаулысына айып тақпақ болады. «Таныс болғаны анада ғана... Неге ол тынымсыз келіп, мазасын кетірмейді? Әлде бұл да суынған жансыз ба? Әлде бұл да қызыл гүлді жұлып алғанша қызығып, алған соң бір-ақ иіскеп тастай ма!.. Әттең қазақтың салқын көңіл суық жігіті-ай?.. Жүрегінде от сезімінің лапылы жоқ. Бәрі де жанға сөлекет тиетін тарамыс-ау! Болсаң еттің басқалардай! Деген ой келгенде, Ғайшаның көз алдына ұзынды-қыскалы денелерімен тоғыз жігіттің суреті елестеп өтті». Міне, автордың суреттеуінде үстемдердің сиқы осындай. Әрине, мұндайлардан өмірге тұтқа, тұлға боларлық ешкім шықпайтыны өзінен-өзі белгілі.

Жазушы атүсті, асығыс қорытынды шығармайды, үстемдер қауымын ақтарыстыра қарайды. Бірақ қалап алар, тандап алары жоқ; бәрі де сынауға, әшкерелеуге икемделіп тұрған сұмпайлар.

Бірақ автор қат-қабат қазақ қоғамынан сүренсіздердің суретін ұстап шықпайды, іздейді, табады. Оның үміт артары – еңбек әлемінің адамдары, жетім Ғазиза мен

Қасым секілділер. Олардың әзірге тапқан ештемесі жоқ, аңсауда, тарығуда, сондықтан, жақсы өмірді ынтыға іздеуде. Автордың бар ықыласы солар жағында. Олар жөнінде жоғарыда Ақан болысқа, жетім кемпірді жылатқан жаламыр Жұмағұлға, «жүрімпаздық» өнеріне салынған кінәшіл бойжеткенге айтылатын ызғарлы сөздің бірдебірі айтылмайды. Олар жөнінде жазушы жылы сөйлейді, мінезіндегі, әрекетіндегі сүйкімді нышандарды образ өрнегіне түсіріп бағады; өйткені жазушы үмітті: Ғазиза, Қасымдар іздейді, табады деген жақсы сезімде.

Жазушы әңгімелерінің композициясын да өзінің идеялық нысанасы мен өмір материалына икемдеп құрады. «Қорғансыздың күнінде» алдымен таулы, адырлы табиғат көрінісін ұшыратамыз. Аркалық, Күшікбай кезені – өз тұлғасы, өз жарасымы бар пейзаж оқушыға белгілі әсер етеді. Кең өлкені жалпағынан басып келе жатқан екі жолаушы: болыс Ақан мырза мен оның серігі Қалтай қу. Әкімдер елге тәртіп орнатқалы бара жатқан болар деген ой түседі. Бірақ жазушы ол ойдың өрістеуіне жол бермейді, екі жолаушының кім екенін дереу ашады. Автордың сөзімен айтқанда олар ойлы, бірақ бар ойы ажарлы әйел жолықтырсам деп аңсаумен бітеді.

Содан кейін жазушы жетімдердің жай-жапсарын баяндайды. М.Әуезов бірсыпыра жағдайда адамның күйін қоршаған жағдай, немесе жеке заттар арқылы аңдатады. Жетім үш әйелдің тіршілік халін қораның сикынан аңғарамыз. «Бейіттен жарты шақырымдай жерде тұрған екі кішкене қора да бейіт секілді мүләйім пішінденген. Тозығы әбден жетіп, ескіргенін төбесі де сездіреді... Жан-жағына үйілген қар, қыс басынан бір күрелмегендіктен, қораның үстіне шығып, біржолата басып алған». Үш әйел жайында да нақты мәлімет: жетімсіреген, мұқтаждыққа батқан, дәрменсіз бейшара жандар. Сексен жасар кемпір мен көзінен айырылған қырықтағы әйел – тек ас ішіп, аяқ босатарлық күйдегілер. Семейның қол арттары Ғазиза. Онда сенімді ақтар қабілет те бар. Ғазизаға автор төмендегідей мінездеме береді. «Жасынан сезімді бала зерделігімен әкесінің жалғыздығын, шаруасының нашарлығын ұғып, соған қолынан келгенше көмек қылғысы келіп тұрғанын сезген соң, үй-іші түгелімен Ғазизаны әлпештеуші еді.

Бұрын әкесі тартатын ауыртпалықтың бәрі бұл күнде Ғазизаның өз басына түскен. Еркек істейтін шаруаның бәрін өзі істейтін болып, әлі келгенше үйінің барлық шаруасын ұстап тұрған өзі».

Үзіндіде аса құнарлы пікір жатыр. Ғазизаны дүниеге икемді етіп, шаруаның, шешесі мен анасының қамын қамдауға ысылдырып, мезгілінен ерте кекселендірген өмір талабы – жоқшылық. «Үйінің барлық шаруасын ұстап тұрған өзі». Бұл небәрі он үш жасар шағында. Жиырмаға жеткенде, ел ұстайды деп үміттенсек, ерсі емес. Автор Ғазизаны көтере, әсірелей суреттейді. Бірақ онысы сыйымды: Ғазиза реалды тіршілік жабдығында, соны жайғастыру, ұқсату үстінде көрінеді.

Автор үйіне келіп конған Ақанға кемпірді мұң шақтырып, ұзақ сөйлеттіреді. Бұл сахна әңгіменің сюжет арқауына тікелей жанасты емес. Сюжеттік арқаудың бас-аяғы бір тұтам: далаға шыққан он үш жасар қаршадай Ғазизаға Ақан болыс айуандық жасады, қыз төзбей боранда қаңғырып барып, әкесінің моласында қатып өлді. Басқа оқиғаның бәрі сюжеттен сырт, оның төңірегіндегі, жолсоқты оқиғалар. Бірақ автордың оларды беруінде идеялық көп мән бар. Болысты таныстыру арқылы автор ол жайлы оқушы белгілі бір ой құрарлық жағдай туғызады. Жетім қалған үш әйелдің тіршілік халін сипаттағанда оқушыны оларға жанашырлық сезімге икемдейді. Кемпірді ұзақ сөйлетіп, мұң шақтырғанда болыстың кім екенін сынау, ашу үшін істейді. Мұның бірде-бірінде схема жоқ: бәрі де жанды өмір сахналары, идеялық белгілі мақсатпен берілген орынды көріністер.

Жетім Қасым да Ғазиза типтес, автордың жанашыры. Ол да кедей баласы. Кәрі әжесінің аяғы жасырынбай жатып, шаңырағы бұзылып, өзі мал-мүлкімен ағайыны Исаның меншігіне көшуі соның салдары. Мыңғырған бай болса ол жетімдік те көрмес еді, ағайындары оның шаңырағын құлатпақ түгіл, тік тұрып қызмет істеп, ертелі-кеш бәйек болып, кошаметтеп бағар еді.

Ғазиза секілді, Қасым да дүниені бүлдіруші емес, өзінің шағын шамасына қарай құрушы, жасаушы болып сипатталады. Үстемдерді, үстемдерден шыққан мансаптыларды, оқығандарды, бойжеткендерді, дүниеге

қыры жоқ, бүлдіргі етіп, «болашақсыз!» деп қорытынды образбен айтқан жазушының үміт артары – еңбек әлемінен шыққан Ғазиза, Қасым секілді «кішкентайлар». Рас, Ақан болысты қарғап-сілегені болмаса, Ғазизаның күні бүгін көрсете қояр қайраты шамалы; Қасым оқыс қимылдап, Исаның аяғын мертіктірді. Сүйсіндірер қылық. Бірақ ол да дәрменсіз: бетті молаға түзейді, оған да жете алмай жаңбырда жаурап өлді. Сонымен бұлар болашақтың үміт артары реуішті сипатталғанымен, әлі пісіп, толықсып тұрған күш емес. Егер автор жағымды күштің образын құрауды солармен доғарса, ісі шалағай болар еді.

Іздеу, өмірге тұтқа боларлықтарды адресін біліп қарастыру нәтижесінде М.Әуезов 1927 жылы Жақсылықты («Жуандық» әңгімесі) тапты. Бұл әңгімеде Жақсылық деген кедей Әбіш байдың жарамсыз деп тастаған Ақөзек деген жерін пайдаланып, шығымды егін өсіреді, санаулы жылдың ішінде шаруасын көтеріп үлгереді. Күзге жуықтап, шығымды өскен егін жайқалып тұрғанда, Әбіш, Құрман деген байлар жылқысын жауып жіберіп, таптатып тастайды. Жақсылық милицияға арыз етіп, Әбіш пен Құрманды жаптырады. Елдің жуандары арашашы болып Әбіш пен Құрманды босатып алады. Милиция жуандарға қар қыла алмайды. Әбіш, Құрманға қарсы тұруға күші жетпеген Жақсылық жуандардың тізесіне төзе алмай көшіп кетеді.

Сюжеті осылай кедейдің жеңілуімен, жуандардың жеңуімен аяқтайтын әңгімеде жана рух, жаңа көзқарас бар. Ол кедей Жақсылықтың басты герой, өмірге тұтқа боларлық жағымды, сом образ болып суреттелуінде. «Ақөзек осылайша көп елдің анызы болды, – деп жазады автор. – Жерінен пәлен бау байлап, пәлен пұт алатынына шейін қымыз басындағы әңгімешілер кесіп, пішіп, өлшеп жатты. Сонда алыстағы ел жалпақ Ақөзек деген атты білсе, жақындағы көрші елдер өте-мөте кімнің егіні жақсы екенін де білген. Олардың айтуынша: «Биыл бір болыс Қара адырдың алды Жақсылық».

Жақсылық... қолындағы аз ғана малды соңғы үш-төрт жылдың ішінде егінге айналған соң құрап алған. Әуелгі жылда екі жер егін салып, содан ішсермендік, тұқымдық алған соң, жер емшегін емуден дәндей берді».

Үзіндіден Ақөзекті жайлайтын елдің егін кәсібіне жұмылғанын, соның нәтижесінде тұрмыстары оңалғанын, көптің ішінде Жақсылықтың өте-мөте озық екенін көреміз. Ақөзектегілер аты ел емес: «Әр рудан жиылған жиырма-отыз үйлі кедей-кепшік»... Бұл арада автор ауыл өмірінің тіршілігінде елеулі өзгешелік болып жатқанын баса айтады; оның ауыз толтыра сөйлейтіні кедейлердің ынтымақтасуы, байлардың іске асыра алмай тастаған жерін пайдаға асырып, өнік егін шығаруы, сол топтың ішінде Жақсылықтың озықтығы.

Әңгімеде Жақсылық өмірдің жаңа саласына өнеге таратушы, басшы рольдегі адам болып көрінеді. Тіршілік камы жөнінде оның өзінше философиясы бар. «Баяғыдан бері арамтер болып жүріппіз, – дейді ол, – мал жерде көмулі жатыпты. Еңбек қылсаң, бермесі жоқ екен». Жақсылық жердегі көмулі қазынаны алуға кәнігіленген, оны пайдалануға жұртты ұйымдастырған ұйытқы адам болып көрінеді.

Жазушының сюжетті тұжырып шешуі де айта қаларлық. Жарамсыз жерді іске жаратып, жайқалтып егін өсірген, мыңдаған жанға несібе боларлық астықты баптаған Жақсылық байлардың озбырлығынан жапа шегеді, сокқыға жығылады, ақыры көшіп кетуге мәжбүр болады. Ал, байлар ел ішіндегі беделін пайдаланып, милицияға да бой бермейді, жеңіп шығады.

Шынында бұл жеңіс емес. Автор игілікті жасаушы, оны өрістетіп өсіруші кім екенін көрсетті. Өмірдің ұйытқысы, болашақтың тұтқасы да, тірегі де сол Жақсылық; өзі де, ісі де жан сүйсінерлік.

Атам заманнан бері қазақ даласын ластап, бүліншілік егіп келген жуандар соларын тағы қайталап, жайқалған егінді таптап құртып отыр. Беделі, қолдайтындары көп. Теңдік бермей, жеңіп шығады. Бұл Жақсылықтың жеңілуін, жуандардың жеңуін куәландыру емес, «болашақтың тілегі Жақсылық; жұртшылық, бар күш, амалынды жұмса, ана бүлдіргілерді бұғаула, игілікті егушілерге шексіз өріс аш!» легендей тұжырымға тірейтін қорытынды.

«Жуандық» әңгімесі жазушының идеялық-творчестволық жеңісі, жана сатысы деп бағалауға болады. Мұнда өмірдің



іргелі күші Жақсылықтар. Олар өмірді зейнеттеумен қатар күреске шығып, өздеріне тізе көрсеткен Әбіш, Құрмандарды түрмеге бір қамады. Жақсылықтың көшіп кетуі – қаңғырып кету емес. Ол милициядан да жоғары үкімет орнын табатыны сөзсіз.

Жақсылық образын жарқындандырып жасаған М.Әуезов профессионалдық жазушылық жағынан да бұл кезде кәмілденіп, шеберленген. Аңшылық, қасқырдың бөлтірігі сияқты қауіпті жыртқышты қолға қайырып ұстау секілді жүректі бөріктіретін қазық сюжетке жазылған бұл шығарма жер жүзі әдебиетіндегі осы типтес шығармалардың қандайымен болса да иық салыстыруға жарарлық. Әңгіменің экспозициясы, сюжеттің түйінделуі, дамуы, ақыры, асқынып барып, шешім табуы, сол процесте кейіпкерлердің тұлғаланып, жан-жақты ашылуы айта каларлық.

Қоғам өмірінің талай төбесін шолып, ақыры «Жуандық» әңгімесінде заманымыздың тұрлаулы геройы Жақсылықты тапқан, шеберлігі кемелденіп «Көксеректі» жазған автор 1927 жылы атақты «Қараш-Қараш оқиғасы» повесін жариялады. Бұл шығарма идеялық, көркемдік маңызды мәнімен тек жиырмасыншы жылдардағы прозамыз ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінде көрнекті орын алады.

«Қорғансыздың күні» мен «Жетім» әңгімелерінде жазушы дәрменсіздердің озбыр үстемдерден жапа шеккенін суреттейді. «Жуандықта» оң қолынан өнері төгіліп, дүниені үйірілте өңдеп отырған Жақсылықты да озбырлардың көшіріп жібергенін бейнелейді.

Ал, «Қараш-Қараш оқиғасындағы» Бактығұл кіммен болса да тайсалмай тіресе алатын өтті өжеттің өзі. Өмірі жүріп тұрған озбыр үстемдер мықты ма? Я кімнен болса да тайсалмайтын Бактығұлдар мықты ма? деген сұраққа повесте көптеген жанды образдармен жауап беріледі. Бактығұл арыстандай: тиген жерін ойсыратып түседі. Бірақ ол жуандардың қолында ойыншық. Керек болды – оны сілесін құрыта пайдаланды, керегі жоқ болғанда – сақарға салған сүйектей бар сөлін сорып алды да, өзін көрінген кеміріп жей берерлік күйге жеткізіп, лақтырып жібереді. Повесть: «қайратың тасыған күшті бол, кедей болып, үстемдерге кіріптар болсаң, құлдықтан құтыла алмайсың, үнемі қорлықтасың. Дара жүріп жеңе алмайсың, күрестің



басқа әдісін іздеп табу керек» деген идеялық қорытындыға тіреді.

Повестің жариялану тарихын мақалының басында айттық. Жазушы 1959 жылы шығарманы өзгерістер енгізіп, қайтадан жазғанда, төмендегідей жаңалықтар косты. Бірінші тарау (Тектіғұлдың тарихы) түгелімен жаңадан жазылып қосылды. Екінші, бұрынғы вариантында Бактығұл істегенінің бәрін жоқшылықтың айдауымен және кекшілдікпен істейтін, алайда ол ұры болып көрінетін. Ал повестің екінші вариантында ол Қозыбақтың озбыр жуандарынан өлген інісі Тектіғұлдың құнын және өзінің жылдар бойғы өтеусіз кеткен еңбегінің есесін алушы, құн алушы құныкер. Бұрынғы вариантта Бактығұл кез-келген Қозыбақ ауылының малын алатын. Екінші вариантта ол өзінің тап жауы Сәлменнің малын алады. Бірінші вариантта жылқы жоқтап келгендер Қозыбақ ауылының адамы деп жалпы айтылатын, екінші вариантта Сәлменнің өзі бас боп жылқыны жоқтап келеді.

Бірінші варианттың үшінші тарауында Бактығұл ұрлықтан бой тартып, өзін тізгіндейтін, бірақ дәстүрлі ұры екені көрінетін. «Құрысын кәрі ұрылық. Мұншалық қорлыққа жеткізген ұрлықтан тағы да дәмем бар ма? Қоямын итті, не көрсем де қылмысымнан көрдім», – деп ұрлықтан тыйылып қалатын. Ал екінші вариантта (төртінші тарау): «Мұншалық қорлыққа жеткізеді-ау. Жалғыз рет тұяқ серіпкен қарсылығым. Панасыздың көрері осындай итшілік күн болмай, не болушы еді!» деп таптық ызасы қайнап жаман назаланады.

Екінші вариантта автор образдарды да тереңдетіп, дара сипаттарын қалыңдатып, кемеліне келтіре мүшелендірген. Алғашқы вариантта жағымсыз образдардың ішінде тек Жарасбай ғана айқын көрінетін. Екінші вариантта Жарасбайдың образы да тереңдей түскен. Сонымен қатар Сәт, Сәлмен, Сәрсен, Қоқыш секілділердің де образдары мүшеленіп жетілген. Ол үшін автор творчестволық елеулі өзгерістер енгізген. Бірінші вариантта Жарасбайдың жылқысын оның баққүндесі Сәттің ағайыны Ораз деген ұрлайтын. Ал екінші вариантта жылқыны Ораз емес, Сәттің інісі Сәлмен ұрлаған етіп өзгерткен.

Өзгерістің мақсаты: бұрын еті тірі Бактығұлдың болыстан қорлық көргені, болыстың жауыздығы суреттелетін, оқушы шошынарлық жағдай туатын. Бірақ Бактығұл да ұры, сондықтан о дағы қанаушы қауымның адамы болатын.

Ал екінші вариантта Бактығұл ұры емес өзінің таптық кегін жоқтаған, тап күрескері. Сол күрес жолында Бактығұл талай әрекеттер жасайды, айла-амалдар қолданады. Оның Қозыбақ жуандарының жылқысын ұрлауы, тұтқынға түсіп қалмау үшін Жарасбай болысқа барып паналауы, болыстың жұмсауымен ұрлыққа, барымтаға жүруі сол негізгі тап күресіндік нысанасына жету үшін жасаған жалтарыстары, маневрі. Қозыбактың жуандары мен Жарасбай болыстың арасындағы қиян-кескі тартыс баккүндестіктің салдары. Жеме-жемге келгенде олар жарасып кетеді де, Бактығұл секілді кедейлерді тапа-тал түсте аунатып жейді.

Повестің сюжетіне негіз болған оқиға жөнінде түрліше пікір туып, әркілы ойлар айтылып келеді. Біздіңше, ол назар аударарлық елеулі мәселе емес. «Қара-Қараш оқиғасы» өмірде болған адамдардың нақты іс-әрекетіне негізделіп жазылған тарихи шығарма емес, творчестволық фантазиямен тосыннан пішіліп жасалған нәрсе.

«Қараш-Қараш оқиғасы» ірі оқиғаларға құрылған, конфликтері өте күрделі, шиеленіскен өткір оқиға барған сайын асқына түсетін күшті драмалы шығарма.

Кітаптың сюжеті табиғи түрде, іштей дамып, асқына күрделенеді. Тектіғұлдың өткінші өмірі, өлімі Бактығұлдың көңіліне бітпес жара салады, зілді кек түйіндейді. Қозыбактың жуандарынан Сәт, Сәлімдерден кек алар күдіреті жоқ, сондықтан малын алып, ашуын біраз таратуға ниеттенеді. Оның ақырында Бактығұл тағы да соққыға жығылады да, мал, дүниесінен айырылады, абақтыға кету қаупі туады. Не істеу керек?! Лажсызданған Бактығұл Жарасбай болысқа барып паналайды. Қауіптен құтылады, тіршілігі де біраз жақсарғандай болады. Бірақ болыстың жұмсауымен барымтаға, жортуылға жүреді. Көптеген тартыс, шататқа талас кезінде ел жуандары өзара табысып қалады да Бактығұл оларға керексіз болып шығады. Тағы да түрмеге кету қаупі туған соң, кашқын болған Бактығұл

Жарасбай болысты атып өлтіреді. Одан әрі біз жоғарыда айтқандай Бактығұл баласы Сейітпен бірге түрмеде. Тұла бойы толған қайрат, ер адам бола тұрып, ұзақ күресудің нәтижесінде талай рет сокқыға ұшырап, жер қауып жасыған. Сондықтан ол өзінің өмір жолына көз жіберіп, ой түйген секілді. Қайратың қанша тасып тұрса да, жуандарға қарсы соқа басың жүріп, ештеме өндіре алмайсың. Не істеу керегін Бактығұл әлі білмейді. Баласы Сейіт абақтыда оқып, білместі біле бастаған. Не істеу керегін сол білуге тиіс. Көңілмен жорып, солайша түйген Бактығұл баласына: «Қалқатайым, оқы, оқы! Ала қағаздан басыңды алма! Көремісін менің не болғанымды», – дейді.

Бұл повестің де, оның басты кейіпкері Бактығұлдың да идеялық зор табысы. Ол қорытындыға автор оқиғаны табиғи дамыта отырып, оқушының көңілі ұйырлық жағдайда жеткізеді.

Жазушының жиырмасыншы жылдардағы шығармаларында сюжеттік арқаулар, конфликтілер, әдетте бірбеткей қойылады. «Қорғансыздың күнінде» Ақан болыс нәпсінің желігіне маталған адам болып көрінеді. Бойында басқа нешік қасиеті бар? Автор назар аудармайды. «Кінәшіл бойжеткенде» оқыған қыз Ғайша тек «жүрімпаздығымен» танылады, оқудағы, жолдастары ортасындағы мінез-құлқы, кара басының қасиеті қандай? Дерек жоқ. Панасыз жетім Қасымның сорлы күйін көреміз. «Сексенде сегіз байлық, сегіз жарлық», – дегендей, қан жылап жүрген Қасымның да балалыққа салынып көңіл көтерген, лактай секіріп, ойнап-күлген минуттары болмады ма...

«Қараш-Қараш оқиғасы» сюжеті қат-қабат күрделі шығарма, көлемі де едәуір. Мұнда автор кейіпкерлердің жан әлемін жан-жақты ашуға тиіс еді, мүмкіндік те жеткілікті болатын. Аса көркем, композициялық қиысуы өте шебер жасалған, характерлері тамаша дараланған осы кітапта да әңгімелерге тән бірыңғайлылық бар. Конфликт негізінде Бактығұл мен жуандардың арасында. Басқа қақтығыстың бәрі – отбасы, махаббат, мейірім, достық, адамның өзімен-өзі болып ойға шомуы, қиялдауы, арман-талабы секілді сала-сала нәрселер өз алдына арқауланып көзге түспейді,

басты конфликтіге қосалқы ретінде жүреді, оқушының назарын тартарлық дәрежеге жете қоймайды.

Қозыбақ жуандары абақтыға кетіре ме деп қорыққан Бактығұл таудан арқар атып алып Жарасбай болыстікіне келеді. Осы арада біз болысты тек бір жағынан ғана танымыз. «... Болыс арқарға көз салып, сәлемді жылы шыраймен алды», болысқа бәйбішесі сай. «Бәйбіше көзін сыкситыңқырап күлінкіреп, «қайтеміз?» дегендей, болысқа қарады». Бұл арада Жарасбай да, бәйбішесі де алымға икем адам болып көрінеді. Кітаптың өн бойында оларды жемқор, сырттай күліп, ішінде зілі жататын адамдар образында көреміз. Жуандар өзара табысады да, Бактығұлға сырт береді. «Сондай бір шақта Қатша үйіндегі қатқан-құтқанын асып, Жарасбайдікіне сыбаға әкелді. Әкелгенмен, бәйбіше күрең қабакпен сұлықсыз қарады». Қатша баласы Сейіттің болыстың үйіне оқуға келгісі келіп жүргенін айтып, егіле сөйлейді. Бірақ «болыс пен бәйбіше жауап бермей, сөзін ескерусіз тастады». Қатша бәйбішенің көңілін таппак болып жағынып-ақ бағады, бірақ ештеме өнбейді. Қатша «женеше» деп сөйлесе де, бәйбіше өз қасындағы күтуші қатындары, малшы-қосшыларымен бірге Қатшаны көбінесе күлкі ғылып мазақтай берді. Айласы құрыған Қатша дал болып үйіне қайтты».

Кітаптың қай бетін ашып қарасаң да үстемдер осындай мейірімсіз, қатал, арам, зұлым болып көрінеді. Негізінде бұл дұрыс: еңбекші қалың қауымды шексіз қанап отырған үстемдердің табиғаты негізінде солай екені күмәнсіз. Бірақ олар да адам, таптық шеңберге қамалып отыра бермейді, кейде алдамшы пікірін адал пікірдей көріп мардамсып, шалқып философия да шертетіні, маңайындағының кейбіріне жақсылық тілейтіні болады. Адам жаны қат-қабат қара орман. Он үш жасар Абай («Абай жолы» романында) Семейден қайтып келе жатып, бет-аузын шүберекпен орап алып, жырадан шыға айғайлап, кексе екі жолдасының зәресін алады. Үйіне келген соң саңырау әжесінің құлағына дұға оқыған болып, өлендетіп жұртты мәз қылады. Құнанбаймен тайталасып жүргенде адам шошырлық қатал Бөжей Қарқаралыда Абайды көргенде «көзі сексеуілдің шоғындай, адам болғалы тұр» деп шынайы адамгерлік пікір айтады. Осындай түрлі кепті «Абай жолындағы» қатал үстемдердің талайынан кездестіреміз.